ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 тамыз №5265-24-00-2/2442 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сарыағаш ауданы Әлімтау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Искакова Раушан» басшысы Искакова Раушан Апаковна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Сарыағаш ауданы Әлімтау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Искакова Раушан» басшысы Искакова Раушан Апаковна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Искакова Раушан» басшысы Искакова Раушан Апаковнадан талапкер «Сарыағаш ауданы Әлімтау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің пайдасына 2 874 (екі мың сегіз жүз жетпіс төрт) теңге тұрақсыздық айыппұл және 87 (сексен жеті) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер ««Искакова Раушан» басшысы Искакова Раушан Апаковнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 27.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2024, судья Сейтжанұлы С., 27.10.2024

5265-24-3-1/2576